

## Такир Оспанұлы БАЛЫҚБАЕВ

Белгілі қазақ ғалымы, мемлекет және қоғам қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы (2003 ж.), Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Ресей білім беруді ақпараттандыру академиясының академигі, Украина Ұлттық педагогика ғылымдары Академиясының шетелдік мүшесі. ҚР Білім және ғылым Вице-министрі (2013-2016 жж.).

1957 жылы 10 тамызда Жамбыл облысы «Комсомол» ауылында дүниеге келген. 1980 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дің «математика» мамандығы бойынша бітірді, содан кейін екі жыл көмекші-зерттеуші болды. 1982 жылы М.В.Ломоносов атындағы ММУ аспирантурасына түсіп, 1985 жылы «01.01.01-Математикалық талдау» мамандығы бойынша «Лакунарлық ортонормальды жүйелердің бір класы туралы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

1985-1994 жылдары С.Киров атындағы ҚазМУ ассистенті, аға оқытушысы, доценті, декан орынбасары, 1994-1995 жылдары республикалық тестілеу орталығы директорының орынбасары, 1996-1997 жылдары білім берудегі Республикалық жаңа білім беру технологиялары орталығының зертхана меңгерушісі, 1998-1999 жылдары Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінде сектор меңгерушісі, 2000-2001 жылдары мемлекеттік білім беру және тестілеу стандарттарының ұлттық орталығында жобалардың бас менеджері, 2001-2003 жылдары Қазақ ұлттық аграрлық университетінің оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры болып қызмет істеді.

2003 жылы «Жоғары оқу орындарының студенттік контингентін қалыптастырудың ақпараттық моделінің теориялық-әдіснамалық негіздері» тақырыбында педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. 2003-2007 жылдары мемлекеттік білім беру және тестілеу стандарттары ұлттық орталығының директоры. 2007 жылғы ҚР Үкіметінің Қаулысымен ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің төрағасы болып тағайындалды. 2007-2011 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының президенті. (2008 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы болып өзгертілді). 2011 жылдың ақпан-мамыр айларында Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты ректорының м.а, 2011-2013 жылдары Қазақ технология және бизнес университетінің ректоры. 2013 жылдың қаңтар-қазан айлары аралығында Халықаралық бизнес академиясының ректоры. 2013-2016 жылдары ҚР Білім және ғылым вице-министрі болды.

2016-2017 жылдары Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің секторын басқарды. 2017-2021 жылдар аралығында Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры лауазымында отырды.

Білім саласында зор жетістіктері үшін «Парасат» орденімен (2018 ж.), ҚР Құрмет грамотасымен (2006 ж.), ҚР мерейтойлық медальдары, ҚР БҒМ

«Б.Алтынсарин» (2009 ж.) және «Қазақстан Республикасының ғылымына  
сіңірген еңбегі үшін» (2007 ж.) атағымен атап өтілген.